

Иран Ислам Республикасының аймақтық саясатындағы араб монархиялары (Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджани кезеңі)

Б.К. Базарқұлова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

bazarkulova@mail.kz

Түйін. Мақалада Иранның Аравия түбегіндегі мемлекеттермен байланыстарының негіздері қарастырылады. Ислам революциясының жеңісінен кейін Иранның сыртқы саясатының ислам революциясын экспортқа шығару принципі, оның араб мемлекеттерімен байланыстарын нашарлатты. Ал реформаторлар Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджани мен М. Хатами билігі тұсында иран-араб байланыстары реттеліп, жақсара түсті. Бірақ Иранның ядролық бағдарламасы мәселесі, сондай-ақ АҚШ-тың осы аймақтағы саясаты да Иранның Араб монархияларымен байланыстарын жақсартуына теріс әсерін тигізуде.

Иранның дамуы мен аймақтық саясаты Парсы шығанағындағы араб монархияларымен тығыз байланысты. Парсы шығанағы аймағын жер шарының отындық энергетикалық қоймасы деп те айтуға болады. Бұл аймақта орналасқан Иран, Ирак, Сауд Арабиясы, Кувейт, Бахрейн, Оман, Катар, БАӘ мемлекеттері әлемдік мұнай қорының шамамен 70 пайызын иеленеді. Парсы шығанағының, сондай-ақ әскери-стратегиялық маңызы да зор. Иранды араб монархияларымен географиялық орналасуы және үлкен мұнай қорының шоғырлануы жақындатса, олардың айырмашылықтары да бар. Иран ұлты, шииттік ағымы және мемлекеттік құрылымы бойынша олардан ерекшеленеді. Шах билігі тұсында Иран мен араб монархияларының АҚШ-пен ортақ саясаты оларды жақындастырған еді.

II дүниежүзілік соғыстан кейін Парсы шығанағы аймағы Ұлыбритания мен АҚШ-тың өзара бәсекелестік сахнасына айналады. Бұл кезеңде Сауд Арабиясы ғана тәуелсіз еді, ал қалған араб князьдықтарында Ұлыбритания 1971 ж. дейін билігін сақтады. Америка аймақтағы саясатын 1953 ж. бастап монархиялық Иран арқылы жүргізді. 1971 ж. 30 қарашада Иран Ұлыбритания келісімімен Ормуз шығанағындағы Әбу Мұса, Үлкен және Кіші Томб аралдарын басып алады. Бірінші желтоқсанда Ұлыбританияның аймақтағы билігі аяқталады. Араб князьдықтарында тәуелсіз мемлекеттер құрылады. Иран саясаты араб

монархияларының наразылығын туғызады. Бірақ соған қарамастан жаңа құрылған мемлекеттермен Иран дипломатиялық байланыстар орнатып, Парсы шығанағындағы «құрлықтық қайраң аймағында» шекараны демаркациялау келісімдеріне қол қояды.

1972 ж. бастап Иран аймақтағы жандарм рөлін атқара бастайды. Иран осы кезеңде аймақтық әскери ұйым құру туралы ұсыныс жасайды. Бірақ аймақтағы көшбасшылық мәселесіне байланысты Сауд Арабиясы бұған қарсылық білдіреді. Иран аймақтағы елдерге өзінің саяси және экономикалық ықпалын сақтауға тырысты. Иран мен араб монархиялары арасында көптеген қайшылықтардың болуына қарамастан Ирандағы ислам революциясына дейін олар бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болды. Америка бұл аймақта монархиялық Иранмен қатар Сауд Арабиясына да арқа сүйеді.

Ислам революциясының жеңісінен кейін аймақтағы геосаяси жағдай өзгерді. Иран аймақтық жандарм рөлінен бас тартты. Иранның АҚШ-пен қарсылықтық саясаты басталады. Сондықтан Америка осы аймақтағы саясатына өзгерістер енгізді. Ол Иранға қарсы саясатына Парсы шығанағындағы елдерді де тартты. Иран ислам революциясының осы аймақтағы елдерде Америкаға қарсы наразылықтың пайда болуына ықпал ету мүмкіндігі оны мазалай бастайды. Американың осы аймақтағы негізгі тірегі болған Ирандағы монархиялық билік

құлағаннан кейін АҚШ осы аймақтағы өзінің үстемдігін сақтау үшін Араб монархияларымен жақындасты. АҚШ-тың бұл аймақта үстемдігін сақтауға ұмтылысын мұнаймен түсіндіреміз. Америка экономикасы сырттан келетін мұнайға тәуелді. Бұл тәуелділікті қамтамасыз ету үшін АҚШ үкіметі алдына осындай стратегиялық мақсат қойып отыр. Сондықтан Америка үкіметі бұл аймақтағы тұрақтылықты сақтауға және мұнайды бақылауын өз қолында ұстауға мүдделі.

Ислам революциясының жеңісінен кейінгі Иран Ислам Республикасы саясатының Парсы шығанағы аймағындағы мемлекеттерге және осы аймақтағы халықаралық қатынастар жүйесіне ықпалы геосаяси, этникалық және діни факторлар негізінде айқындалды. Иранда ислам режимінің билікке келуі және оның «ислам революциясын экспорттау» саясаты Парсы шығанағындағы Араб монархияларын мазасыздандырды. Олардың өзара байланыстарында салқындық пайда болды. Бір жағынан, аймақтағы елдер бұны өздерінің басқарушы режимдерінің тұрақтылығына қауіп ретінде қарастырды. Екінші жағынан, ислам революциясының жеңісінен кейін аймақтағы басқарушы режимдер өздерінің тұрақтылығының кепілі Америкаға сенімсіздік таныта бастайды. АҚШ Ирандағы ислам революциясына тосқауыл жасай алмады, монархиялық режимнің билігін сақтап қалмады.

Аятолла Хомейни билігі тұсында Иран сыртқы саясатында оқшаулану жағдайында қалды. Иран Ислам Республикасы сыртқы саясатының «Батыс та емес, Шығыс та емес, тек ислам» және «ислам революциясын экспортқа шығару» принциптері оның басқа елдермен байланыстарын тоқырауға әкелді. Сондай-ақ 1980 ж. Иракпен басталған соғыс та оның жағдайын қиындатты. Бұл соғыста араб монархиялары Иракты қолдады. Әсіресе Сауд Арабиясы мен Кувейт мұнайдан түскен қаржылар арқылы Иракқа көптеген көмектер көрсетті. Қалған араб монархиялары Иракты үнсіз қолдағанымен Иранмен байланыстарын үзген жоқ. Әрине, оған саяси және экономикалық факторлар әсер етті. 1981 ж. Араб монархиялары өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Парсы шығанағы мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесін (ПШМЫК) құрады. Әрине, бұл ұйым соғыс жылдары құрылғандықтан антиирандық сипатқа да ие болды деп айта аламыз. 1988 ж. өзара қайшылықтардың күшеюіне байланысты

Сауд Арабиясы Иранмен дипломатиялық байланыстарын тоқтатады.

1988 ж. Иран-Ирак соғысының аяқталуы Иран мен Парсы шығанағындағы араб монархиялары арасындағы шиеленістің аяқталып, олардың байланысының жақсаруына әкелді. Екі тарап та бір-бірімен байланыстарды реттеуге және дамытуға мүдделі еді. Иран экономикасын қайта қалпына келтіру үшін оқшаулану жағдайынан шығуға ұмтылды.

Иран-Ирак соғысын аяқтаған БҰҰ ҚК-сінің №598 қарарын Араб монархиялары қолдады. Осы қарар қабылданғаннан кейін үш апта өткен соң Оманның сыртқы істер министрі Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің (ПШМЫК) атынан аймақтағы мәселелерді және ең бастысы Парсы шығанағындағы қауіпсіздік мәселелері жөнінде Иран басшылығымен кеңесу үшін Тегеранға келді. Бұл ұсынысты Иран жағы да қабылдады. Осы уақыттан бастап Иранмен байланыстарын Кувейт пен Бахрейн де реттей бастады. Иран мен Сауд Арабиясы қатынастарын қайта қалпына келтіру де қарастырыла бастады. Осы кезеңде Иран ОПЕК ұйымы және оның мүшелерімен байланысын реттеуге ұмтылды.

Ал 1989 ж. Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджанидің президенттік билікке келуімен Иранның Араб монархияларымен байланыстарының реттелуі және дамуы күшейе түсті. Рафсанджани «ПШМЫК мүшелерімен байланысты дамыту аймақтық тұрақтылықтың кепілі» екенін айтты [3,407]. 1990 ж. шілде айында ИИР-сының сыртқы істер министрі Ә.Ә. Велаяти ислам революциясынан кейін бірінші рет Рафсанджанидің үндеуі негізінде Кувейттің әмірімен кездесті. Бұл екі жақты байланыстардың дамуын күшейтті.

Ал жалпы Иран мен Парсы шығанағындағы араб монархиялары байланыстарындағы өзгерістер 1990 ж. Ирактың Кувейтті жаулап алу соғысынан кейін басталады. Бұл соғыста Иран Кувейтті қолдау саясатын жүргізді. Ирак Кувейтті жаулап алғаннан кейін Ә.Ә.Велаяти аймақтағы өзгерістерді сараптау үшін Парсы шығанағына сапар жасайды. Бұл сапарында ол Катар, Оман, Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) және Бахрейн мемлекеттерінің басшыларымен кездеседі. Олар өзара сұхбаттарында аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын сақтау үшін осы аймақтағы елдердің ынтымақтастығы қажет екенін мәлімдеді [3, 408].

Иран мен араб монархияларының өзара байланыстары Кувейт азат етілгеннен кейін тереңдей түсті. Иранның араб монархияларының көшбасшысы Сауд Арабиясымен байланыстары өзара байланыстардың ішіндегі ең бастысы болып есептеледі. Олардың арасында қайшылықтар болғанымен осы жылдары байланыстар жалғасты. 1992 ж. Иран мен Сауд Арабиясы арасында 1988 ж. тоқтатылған дипломатиялық байланыстар қалпына келтірілді. Сауд Арабиясының сыртқы істер министрі Сауд ал Фейсал Тегеранда Рафсанджанимен кездесті. Осыған жауап ретінде Велаяти Сауд Арабиясына сапармен барды. Осыдан кейін екі ел арасында сауда-экономикалық байланыстар дамыды. Бірақ екі ел арасында аймақтық және халықаралық мәселелер бойынша қайшылықтар сақталды. Ең бастысы Парсы шығанағындағы аймақтық күштер, аймақтық қауіпсіздік жүйесі, араб мемлекеттерінің арасындағы бейбітшілік мәселесі, Палестина мәселесі. Бірақ соған қарамастан ИИР-сының президенті А. Хашеми-Рафсанджани 1997 ж. ақпанда Эр-Риядке сапармен барды, екі елдің байланыстары дами түсті. Сауд Арабиясымен байланыстарды қалпына келтіріп және тереңдету Иранға тек саяси жағынан ғана емес, экономикалық жағынан да тиімді еді. Ирандағы революциядан кейін Сауд Арабиясына барған бірінші жоғарғы деңгейдегі билік өкілі Хашеми Рафсанджани еді. Ол король Фахд пен ханзада Абдалла қабылдауында болады. Иран президенті Сауд Арабиясының іскерлік топтарымен кездесіп, оларды екі жақты сауда-экономикалық байланыстарды күшейтуге шақырды. Бұл екі ел байланыстарында, әсіресе экономикалық ынтымақтасу саласында жаңа бір кезеңнің басталғанын білдірді. Сондай-ақ екі елдің де аймақтық саясатында маңызды орынды иеленетін күрделі мәселелер де талқыланды. Бұл Парсы шығанағында Иран билік жүргізіп отырған үш аралға байланысты дау және жалпы аймақтағы қауіпсіздік, оның ішінде Ауғанстан, Ирак және Таяу Шығыс мәселелері еді. 10 күнге созылған сапар барысында екі мемлекеттің бір-бірімен өзара байланыстарын күшейтуге ұмтылыс жасалды. Иранның Кувейтпен байланыстары 1990 ж. Велаятидің сапарынан кейін басталды. Соғыстан кейін Иран мұнай саласының мамандары мен техникалық құрал-жабдықтарды Кувейтке жіберіп көмектесті. Иран-Кувейт байланыстары Кувейт пен АҚШ арасында қорғаныс

саласында ынтымақтастық келісімнің болуына қарамастан дамыды. Ә.Ә. Велаятидің 1992 ж. Кувейтке жасаған сапары нәтижесінде екі ел арасында ынтымақтастық комитеті құрылды.

Иран-Оман байланыстары Иран-Ирак соғысы кезінде бір қалыпты болды. Ал соғыстан кейінгі жылдарда өзара байланыстар дами түсті. Оман Иранның Парсы монархияларымен байланысын реттеуде және дамытуда белсенділік танытты.

Иран мен Катар байланыстары да қанағаттанарлықтай деңгейде дамыды. 1992 ж. ИИР-сының бірінші вице-президенті Хасан Хабиби Катарға сапар жасады. Бұл Иран-Катар байланыстарындағы бетбұрыстық кезең болды. Әуе мен теңіздегі көліктік байланыс, ауыл шаруашылығы, байланыс саласында, кеденде, Иран тұщы суын Катарға жеткізу және газ кендерін бірігіп пайдалану мәселелері бойынша ортақ келісімдер жасалды.

Иранның Бахрейнмен де байланыстары Кувейт Ирактан азат етілгеннен кейін жақсарды. Иран президенті Хашеми-Рафсанджани Бахрейннің ауыл шаруашылығы министрімен 1992 ж. кездесуде былай деген болатын: «Иран экономикалық өзара алмасу мен ынтымақтастықта артықшылықты өзінің мұсылман көршілеріне береді және Бахрейн қай салада ынтымақтасуға ниет білдірсе Иран соған дайын» [3, 410]. Осының негізінде Иран мен Бахрейн арасында теңіздегі көліктік байланыс, туризм, тасымалдау салаларында ортақ жобалар жасалды. Алайда 1996 ж. Бахрейн Иранды өзінің ішкі істеріне араласты деп, Иранның елшісін Манамадан кетірді. Бірақ екі ел байланыстары Иранның күшімен дағдарысқа ұшыраған жоқ.

Иранның Біріккен Араб Әмірліктерімен де байланысының да дамуы Бахрейнмен байланыстарға ұқсайды. Олардың байланыстары Кувейт дағдарысынан кейін реттеліп, дами бастады. 1992 ж. Хашеми-Рафсанджани Әмірліктің қорғаныс министрімен кездесуде екі ел ынтымақтастығын, әсіресе мұнай саласындағы ынтымақтастықты дамыту қажеттігін айтады [3, 410]. Алайда Әбу Мұса аралынан Әмірліктің азаматы емес тұрғындарды шығарғаннан кейін екі ел байланыстары нашарлады. Парсы шығанағындағы даулы аралдарға байланысты Иран мен Біріккен Араб Әмірліктері арасында қайшылықтың болуына қарамастан 1992-93 жж. екі тарап та бір-бірімен байланыстарын жақсартуға ұмтылды.

Иранның осы аймақтағы Сауд Арабиясы және БАӘ-імен өзара байланыстарында қайшылықтардың болуы оның аймақтық саясатындағы көптеген бастамаларына кедергі жасауда. Тегеран-Абу-Даби саяси байланыстарының дамуы жолындағы негізгі кедергі – бұл үш арал мәселесі. Қазіргі кезеңде территория мәселесін шешуді Біріккен Араб Әмірліктері ПШАМЫК аймақтық ұйымы деңгейіне дейін көтерген. Бұл ұйымның Жоғарғы кеңесінің осы мәселені шешу жағдайына тікелей басшылық жасауы осы мәселеге байланысты оның ұстанымының күшейгенін көрсетеді. Абу-Даби аралдар мәселесін шешудің екі жолын, біріншісі, Иран-БАӘ екі жақты келіссөздері негізінде, екіншісі Гаадағы Халықаралық сот арқылы шешуді қарастырады [2, 40]. Осы аралдарға байланысты территориялық мәселенің қазіргі жағдайы Иран үшін тиімді. Ал Иран-Сауд Арабиясы байланыстарындағы басты мәселе – бәсекелестік. Екі мемлекет бәсекелестігінің саяси және діни қыры бар. Діни жағынан Иран шииттік топтың, ал Сауд Арабиясы сунниттік топтың көшбасшысы. Бұл бағыттың пайда болуы Ирандағы ислам революциясының жеңісімен байланысты. Екеуі де аймақта саяси көшбасшы болу бағытын ұстанады. Бұл мәселеде ислам режимі монархиялық режимнің саясатын жалғастырып келеді. 1992 ж. осы үш аралда Иранның толық өз билігін орнатуы Сауд Арабиясының наразылығын туғызды. Эр-Рияд аралдардың БАӘ-іне тиесілі екенін дәлелдеуде. Сондықтан Иран аймақтық саясатында осы мәселелерді айналып өтіп, аймақ елдерімен сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға мүдделі. Территориялық мәселе Иран мен аймақ елдерінің арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуына кедергі келтірмеді. Иран Сауд Арабиясы мен БАӘ-інің ең ірі сауда әріптесіне айналды. БАӘ сыртқы сауда айналымының 25 пайызы Иранға тиесілі болды. Сауда айналымының көп бөлігін Иранға реэкспорт, яғни Америка, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея және Еуропа өнімдерінің саудасы құрады. БАӘ экономикасындағы шетелдік

инвестициясының 5 пайызын Иранның үлесі құрады [2,30]. Иранмен Сауд Арабиясының жақындасуын Парсы шығанағы аймағындағы елдердің барлығы бірдей қолдамады және екі ел байланыстарының реттелуі Иранның ішінде де консервативтік топтардың наразылығын қалыптастырды. Оман мемлекеті ИИР-сымен байланыстарды қалпына келтіруге ұмтылса, аймақтағы мемлекеттердің көпшілігі бұл байланыстарға сақтықпен қарады. Әсіресе оларды Иранмен қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы әріптестік мәселелері мазасыздандырды.

Осылайша ХХ ғ. 90-жылдары ИИР-сының араб монархияларымен байланыстары біртіндеп жақсара бастады. Бұл байланыстардың жақсаруына 1989-1997 жж. ИИР-дың президенті болған Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджанидің саясаты өз үлесін қосты. Ал 1997 ж. мамырда президенттік билікке келген М. Хатами тұсында бұл байланыстар жаңа сатыға көтерілді.

Парсы шығанағында аймақтық қауіпсіздік жүйесін құру, әрине, Иранның қатысуынсыз толық жүзеге аспайды. Ал бұл жүйені құруға аралдар мәселесінің шешілмеуі және Иран мен Сауд Арабиясы арасындағы көшбасшылық мәселесіндегі қайшылықтар кедергі жасауда. Иран- Сауд Арабиясы байланыстарының жоғарғы деңгейге көтерілуіне Америка мен Сауд Арабиясы арасында стратегиялық әріптестіктің болуы және АҚШ-тың антиирандық саясаты да теріс әсерін тигізуде.

Әдебиеттер

1. Иранская революция, 1978-1979. Причины и уроки. – М., 1989.
2. Мелкумян Е.С. Конфликтные ситуации в зоне Персидского залива и Совет сотрудничества арабских государств Персидского залива // Региональные конфликты в Азии и Северной Африке. – М., 1997.
3. دکتر سید جلال دهقانی فیروز آبادی.

سیاست خارجی جمهوری اسلامی ایران

Б.К. Базаркулова
Арабские монархии в региональной политике Исламской Республики Иран
(период А.А. Хашеми-Рафсанджани)

В данной статье автор рассматривает основы ирано-арабских отношений. После победы Исламской революции страна во внешней политике стала придерживаться принципа «экспортирования Исламской революции», что ослабило отношения между Ираном и Арабским миром. В период политического режима таких реформаторов, как А.А. Хашеми-Рафсанджани и М. Хатами, ситуация изменилась в лучшую сторону. Но современный политический курс США по отношению арабских стран и ядерная программа Ирана оказывают негативное влияние на развитие двухсторонних отношений.

B.K. Bazarkulova
Arabian monarchies in the regional policies of Islamic Republic of Iran

The author of this given article titled explores the foundations of Irano-Arabic relations. After the achievement of Islamic Revolution in the country, a principle of exportation of Islamic Revolution abroad was taking place in the sphere of external affairs of Iran which resulted in weakening of relations with the Arabian states. However, during the political regime of the reformists as A.A. Hashemi-Rafsanjani and M. Hatami relations between Iran and Arabic countries was getting a better shape. But the atomic programme of Iran as well as the regional policies of the USA in the Arabic world at present time, can be seen as a barrier for enhancing Irano-Arabic bilateral relations.